

Дүниеде ана махаббатынан қасиетті нәрсе жоқ.  
Оның алдында адамды ынтықтырушы  
өзге дүниелер әлсіз келеді.  
(В.Г.Белинский).

Ана! «Ана» дегенде толқымайтын жүрек, толғанбайтын жан жоқ. Осы үш қана әріптен тұратын «ана» сөзінің астарында теңіздің терең тұңғиығындай ой жатыр.

Ана — әрбір адам баласы үшін ең ыстық, жанға жақын, мағыналы да қастерлі сөз. Адамзат баласы алғаш дүние есігін ашқанда ананың ақ сүтімен бойына нәр алады, ана құшағына еніп, ана мейіріміне бөленеді. Адамның аузынан шығатын ең алғаш сөз де – «ана».

*Міржақып Дулатов ағамыз айтқандай*, бізді сүйетұғын, күйетұғын, әрқашан қамымызды ойлап жүретұғын абзал жанды адам, бұл – ана.

Осындай көктемнің бір керемет күнінде, Академияның акт залында Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Қостанай академиясының бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов: «8-наурыз көктемнің тамаша мерекесі әйелге тән әдемілік пен нәзіктіктің мәңгі белгісі болып табылады. Әйел адам - өмірдің гүлі, көңілдің жыры, отбасының алтын діңгегі. Сіздердің ер адамдармен бір қатарда қызмет атқарып, құқықтың тәртіпті сақтауда, еліміздің гүлдену мен көркею жолында елеулі үлес қосы келесіздер. Осы қуанышты күні, Сіздерге махаббат пен мейірім шапағатын, өмірдің көркі мен жылылулығын тілейміз!», деп құттықтады. Мерекелдік іс-шара қызметкерлерге ҚР Ішкі істер министрінің құрмет грамотасын, грамотасын, еңбек сіңірген жылдарына қарасты дәрежелі медальдарын және кезекті атақтарын табыс етумен, сондай-ақ, қызметтерінде көрсеткен көрсеткіштерімен жетістіктері үшін асыл жандарды грамотамен, алғыстармен марапаттап, сыйлықтарды тарту етті. Бүгінгі күні оқу ордасының акт залы гүлдей жайнап, құлпырған, әсем де сұлу жандарға толы болды.

Тамаша концерттік бағдарлама аясында оқу ордасының қызметкерлерімен тыңдаушылары «Ақжол», «Анашым» және тағы да басқа өлеңдерімен, билерін асыл жандарға арнады. Тыңдаушылардан құрылған «Полиция Академиясы» атты команда қызықты да күлдіргі көріністерінен үзінді көрсетті. Оқу ордасының ерлер қауымы акт залында жиналған әйелдер қауымына гүл шоқтарын тарту етті.

Бәрімізге мәлім, ананың махаббатына, құдіретіне тамсанған талай ақын әнін арнап, жырын жазып, талай жазушы қалам тербеген. Ана адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы, ақ сүтін емізіп аялаған, жанын да аямаған ардақтысы.

Бұл күні аяулы жандардың сезімдері, жан жүректері тек қана жылы сөздерге толы, құшақ жая гүлге толы сезімде болды. Осындай қунышты күннің әсерін сөзбен жеткізуге болмайды. Ана – бұл бүкіл адамзаттың тәрбиешісі.

Асыл жандар көркейе беріңдер, гүлдене беріңдер, бүгінгі мерекелерің құтты болсын!.

Орынбасар Уақпаева  
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы  
Қостанай академиясы  
Баспасөз қызметінің баспасөз хатшысы





